

«6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған Айгерим Мейрхановна Байкулованың «Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне ғылыми кеңесшінің

ШІКІРІ

Қазіргі уақытта мемлекеттің экономикалық дағдарысының күрделене түскен жағдайында бәсекеге қабілетті қоғам құру өзіне сенімді, жауапкершілікті, рухани-адамгершілікті, зияткерлігі дамыған, жеке шешім қабылдай алатын, қоғамның барлық мүшелерімен өзара іс-әрекетке нәтижелі түсе алатын, әлеуметтік топқа ықпалы басым, белсенді де беделді жана сипаттағы тұлға тәрбиелеу қажеттігін туындатып отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Халыққа Жолдауларында, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және тағы басқа да мемлекеттік құжаттарда балалар мен жастар арасынан көшбасшыларды даярлау мәселесінің көрініс тауып отырғандығы сондықтан, *бұл біріншіден. Екіншіден*, осы талаптардың іске асуы болашақ лидердің мектеп қабырғасынан тәрбиеленуін қажет етеді. Әсіресе, лидерлікке даярлықты жасөспірімдік шақта тәрбиелеу тиімді болып табылады. Өйткені олардың дамуындағы жас ерекшеліктеріне сәйкес осы шаққа мінез-құлықтарындағы жекелікке ұмтылысы, ізденушілігі, белсенділігі айқын байқалады. Осы жас аралығы балалардың іс-әрекетке бейімділігімен, өзіндік санасының күрт жоғарылауымен және өз орнын табуға ұмтылысымен ерекшеленеді. *Үшіншіден*, жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеуде мектептің оқу-тәрбие үдерісінің мүмкіндіктері кең. Әсіресе, аталған тәрбиелеу үдерісін сынып сағаттары мен сабақтан, сыныптас тыс іс-әрекеттерді кіріктіру кеңістігінде, мектеп пен қоғамдық ұйымдардың бірлестігінде жүзеге асыру әбден мүмкін.

Осы айтылғандар докторант Байкулова Айгерим Мейрхановнаның зерттеу проблемасының көкейкестілігінің жарқын айғағы.

Айгерим Байкулова *жалпы теориялық* – зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау; ҚР білім беру саясатының нормативті-құқықтық құжаттарымен, тәрбие тұжырымдамаларымен танысу; озық тәжірибелерге талдау жасау; тәрбие технологияларын жобалау, іс-әрекет нәтижелерін салыстырмалы талдау; сауалнама, тестілеу, диагностикалық, педагогикалық, түзетушілік әдістемелер, математикалық өңдеу әдістері мен тәсілдерін қолданды.

Нәтижесінде ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

- жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің теориялық негіздерін айқындау барысында «лидер», «лидерлік» ұғымдарын өз зерттеу нысанына сәйкес нақтылады;

- алғаш рет оқушы-лидер тұлғасының құрылымын жасады. Оқушы лидерге формальды емес типтегі, демократиялық стильдегі, гумандық

бағыттағы, жетекші, ұйымдастырушы, эмоционалдық реттеуші, шешен, шебер, орындаушы рөліндегі; ұйымдастырушылық, коммуникативтік, тұлғалық, интеллектуалдық сапаларға ие әлеуетті-жағдаяттық-өзекті лидер іс-әрекеттерін жүзеге асыра алатын топ мүшесі тұрғысынан мазмұнды сипаттады;

- жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің мәні мен құрылымын анықтады және оның мазмұнын жасады;

- жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің үш кезеңнен тұратын (лидерлікке бейімділік, лидерлікке даярлық, оқушы-лидер қалыптастыру) технологиясын жасады және оның тиімділігін анықтау мақсатында тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын жүргізді.

Докторанттың жасаған «Біз – болашақ лидерміз» бағдарламасы, «Психологиялық тренингтер жинағы», «Тәлімгерлік ережесі» диссертациялық жұмысының практикалық маңыздылығын арттыра түседі.

Айгерим Байкулова диссертацияның құрылымына да аса мән беріп, оның мазмұнын бір-бірімен тығыз логикалық байланыстағы үш бөлімге бөліп, оның әрбіріндегі бірінші параграфтарының өзін іштей екіге бөліп, бір стильді сақтайды. Мұның өзі докторанттың диссертациялық жұмыс жазуға аса жауапкершілікпен қарағандығын көрсетеді.

Докторанттың 12 жарияланымы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің (әрі қарай Комитет) талаптарына (Скопус мәліметтер базасына енетін нөлдік емес импакт-факторлы шетел басылымында, Комитет тізіміндегі журналдарда, шетелдегі, республикадағы халықаралық конференцияларда) сай келеді.

Зерттеу жұмысының эмпирикалық сатысын орындауда автор ғылыми зерттеудің әдістемесін жетік меңгергендігін көрсетті. Сонымен бірге тәжірибелік-эксперимент жұмысын ұйымдастыру мен жүргізу барысында белсенділік танытты. Айгерим Байкулова диссертациялық зерттеу жұмысын орындау барысында білімділігімен, біліктілігімен, ізденімпаздығымен және гумандық тұлғалық қасиеттерімен ерекшеленді.

Сонымен Байкулова Айгерим Мейрхановнаның «Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу» тақырыбында жазылған диссертациясын дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек деп танып, диссертациялық жұмысты «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынамын.

**Педагогика ғылымдарының
докторы, профессор**

